

Қазақстан Республикасының кейбір аудандық және оған теңестірілген соттарын тарату және Қазақстан Республикасы соттарының кадр мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 2 маусымдағы № 906 Жарлығы.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 82-бабының 2-тармағына, "Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 6-бабының 1-тармағына, 31-бабының 2, 8-тармақтарына, 34-бабы 1-тармағының 1), 2), 5), 7), 8), 10), 11), 12) тармақшаларына, 3-тармағының 2) тармақшасына, 4, 5-тармақтарына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Мыналар таратылсын:

- Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданының № 2 аудандық соты;
- Батыс Қазақстан облысы Теректі ауданының № 2 аудандық соты;
- Қарағанды облысы Абай ауданының № 2 аудандық соты;
- Қостанай облысы Қарасу ауданының № 2 аудандық соты;
- Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған соты;
- Павлодар облысы Екібастұз қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған соты;
- Павлодар облысының Павлодар аудандық соты;
- Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының № 2 аудандық соты;
- Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның № 2 аудандық соты;
- Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының № 2 аудандық соты;
- Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының № 3 аудандық соты;
- Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданының № 2 аудандық соты;
- Шығыс Қазақстан облысы Қатонқарағай ауданының № 2 аудандық соты;
- Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданының № 2 аудандық соты.

2. Судья қызметіне тағайындалсын:

Алматы қаласы бойынша:

Түрксіб аудандық сотына	Оспанбеков Асқар Кенжебекұлы;
-------------------------	-------------------------------

Шымкент қаласы бойынша:

қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотына	Түсіпов Серғали Қалбайұлы;
---	----------------------------

Ақмола облысы бойынша:

Егіндікөл аудандық сотына	Қасқырбаев Секербай Айтопұлы Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы № 2 аудандық сотының судьясы қызметінен босатыла отырып;
---------------------------	---

Ақтөбе облысы бойынша:

Ақтөбе гарнизонының әскери сотына	Қыдыралин Рүстем Қуандықұлы;
Мұғалжар аудандық сотына	Қонаева Жарқынай Амангелдіқызы осы облыстың Мұғалжар ауданы № 2 аудандық сотының судьясы қызметінен босатыла отырып; Мұқанов Аслан Әбілғазыұлы осы облыстың Мұғалжар ауданы № 2 аудандық сотының төрағасы қызметінен босатыла отырып;

Алматы облысы бойынша:

Панфилов аудандық сотына	Өтеуәлиев Ғани Сатылғанұлы;
Іле аудандық сотына	Бекбауова Назым Сембекқызы Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданы № 2 аудандық сотының судьясы қызметінен босатыла отырып;

Атырау облысы бойынша:

Атырау қалалық сотына	Сариев Данияр Қалыбайұлы осы облыстың мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы қызметінен босатыла отырып;
-----------------------	---

Батыс Қазақстан облысы бойынша:

Орал қаласының № 2 сотына	Ниязов Таймас Кеңесұлы осы облыстың Теректі ауданы № 2 аудандық сотының төрағасы қызметінен босатыла отырып;
Теректі аудандық сотына	Ниязғалиев Ибрагим Қабылұлы осы облыстың Теректі ауданы № 2 аудандық сотының судьясы қызметінен босатыла отырып;

Жамбыл облысы бойынша:

мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотына	Байдәулетова Жанна Есболқызы осы облыстың қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының төрағасы қызметінен босатыла отырып;
--	---

Қарағанды облысы бойынша:

--	--

Абай аудандық сотына	Жаманғарина Ардақ Аманкешқызы осы облыстың Абай ауданы № 2 аудандық сотының судьясы қызметінен босатыла отырып;
	Оспанов Ерлан Советұы осы облыстың Абай ауданы № 2 аудандық сотының төрағасы қызметінен босатыла отырып;

Қостанай облысы бойынша:

Жангелді аудандық сотына	Сәулен Нұргүл Нұр-Сұлтан қаласы Сарыарқа аудандық сотының судьясы қызметінен босатыла отырып;
Қостанай аудандық сотына	Төлеев Айнар Боратұлы осы облыстың Қарасу ауданы № 2 аудандық сотының судьясы қызметінен босатыла отырып;
Лисаков қалалық сотына	Кочубаев Асылхан Болатұлы Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның № 2 аудандық сотының судьясы қызметінен босатыла отырып;
Рудный қалалық сотына	Жұмабаева Алтынай Сембайқызы Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы № 3 аудандық сотының судьясы қызметінен босатыла отырып;

Қызылорда облысы бойынша:

Сырдария аудандық сотына	Бралиев Дәурен Еркінұлы;
--------------------------	---------------------------------

Маңғыстау облысы бойынша:

Жаңаөзен қалалық сотына	Қалауова Кенжекул Мамытбекқызы осы облыстың Жаңаөзен қаласы әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотының судьясы қызметінен босатыла отырып;
-------------------------	---

Павлодар облысы бойынша:

Екібастұз қалалық сотына	Нұрсұлтанова Дннара Қайыржанқызы осы облыстың Екібастұз қаласы әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотының судьясы қызметінен босатыла отырып;
	Серікпаев Елубай Мерденұлы осы облыстың Екібастұз қаласы әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотының судьясы қызметінен босатыла отырып;
Павлодар қалалық сотына	Жанғазина Ғалия Шаметқызы осы облыстың Павлодар аудандық сотының судьясы қызметінен босатыла отырып;
	Марданов Серік Қамзеұлы

Павлодар қаласының мамандандырылған тергеу сотына	осы облыстың Павлодар аудандық сотының төрағасы қызметінен босатыла отырып;
Павлодар қаласының № 2 сотына	Сайран Әсемқоңыр Сайранқызы осы облыстың Павлодар аудандық сотының судьясы қызметінен босатыла отырып;

Солтүстік Қазақстан облысы бойынша:

Тайынша аудандық сотына	Әлнәзіров Қайрош Бейсекұлы осы облыстың Тайынша ауданы № 2 аудандық сотының төрағасы қызметінен босатыла отырып;
-------------------------	--

Түркістан облысы бойынша:

Арыс аудандық сотына	Әшенов Нұрдәулет Төлебайұлы;
Келес аудандық сотына	Тұрымбекова Ажар Елбосынқызы;
Сайрам аудандық сотына	Қарақұлов Ермек Жаңабайұлы осы облыстың Бәйдібек аудандық сотының төрағасы қызметінен босатыла отырып;
Сарыағаш ауданының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотына	Елшібаева Айнұр Ақылбекқызы;

Шығыс Қазақстан облысы бойынша:

Алтай ауданының сотына	Байжүменова Әлия Амангелдіқызы осы облыстың Ұлан ауданы № 2 аудандық сотының судьясы қызметінен босатыла отырып;
Бородулиха аудандық сотына	Ахмеджанов Серікбосын Қалиханұлы осы облыстың Ұлан ауданы № 2 аудандық сотының төрағасы қызметінен босатыла отырып;
Өскемен қалалық сотына	Байғұлина Ақнур Қайратқызы; Шәкенова Жанар Ермұханбетқызы осы облыстың мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы қызметінен босатыла отырып;
Семей қалалық сотына	Көпбаев Шыңғыс Серікұлы.

3. Атқаратын қызметінен босатылсын:

Нұр-Сұлтан қалалық сотының төрағасы	Бәрпібаев Тілектес Ешейұлы орнынан түсуіне байланысты;
Ақмола облыстық сотының судьясы	Ертаева Роза Мырзақұлқызы орнынан түсуіне байланысты;
Ақтөбе облыстық сотының судьясы	Ізтай Бағатай Жүсіпділлаұлы орнынан түсуіне байланысты;
Атырау облыстық сотының судьясы	Сүлейменова Сандуғаш Сейілханқызы қайтыс болуына байланысты;
Қазақстан Республикасы Әскери сотының судьясы	Молышев Мақсат Қыйсамаденұлы орнынан түсуіне байланысты;

Қарағанды облыстық сотының судьялары	Андаров Орман Қабыкенұлы орнынан түсуіне байланысты; Жақыпов Жұматай Қадетұлы орнынан түсуіне байланысты;
--------------------------------------	--

Нұр-Сұлтан қаласы бойынша:

Есіл ауданы № 2 аудандық сотының судьясы	Дүйсембиев Қанат Қалжанұлы кәсіптік жарамсыздығына орай судьяның атқаратын лауазымына сай келмейтіні туралы Сот төрелігінің сапасы жөніндегі комиссияның шешімі бойынша;
--	--

Алматы қаласы бойынша:

Алмалы ауданы № 2 аудандық сотының судьясы	Досыбаева Сәуле Тілеубекқызы өз тілегі бойынша;
Әуезов аудандық сотының судьясы	Сейдахметов Мақсат Қанымбекұлы басқа жұмысқа ауысуына байланысты;
Әуезов ауданы № 2 аудандық сотының судьясы	Жиреншин Әбіш Қазбекұлы өз тілегі бойынша;
Бостандық ауданы № 2 аудандық сотының судьясы	Құдабаев Теміржан Әкімбайұлы орнынан түсуіне байланысты;

Шымкент қаласы бойынша:

Қаратау аудандық сотының судьясы	Әмірбеков Момбек Сейітжапарұлы орнынан түсуіне байланысты;
----------------------------------	--

Ақмола облысы бойынша:

Қосшы қалалық сотының судьясы	Халмырзаев Мұрат Мәуленұлы орнынан түсуіне байланысты;
-------------------------------	--

Батыс Қазақстан облысы бойынша:

Орал қаласы әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотының судьясы	Сисенғали Марат Қуандықұлы зейнеткерлік жасқа толуына байланысты;
---	---

Қарағанды облысы бойынша:

Қарағанды қаласы әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы	Бұлғақбаева Айгүл Құрмантайқызы қайтыс болуына байланысты;
мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы	Құсбаева Индира Ахадқызы орнынан түсуіне байланысты;

Қостанай облысы бойынша:

Қостанай қалалық сотының судьясы	Ерғалиев Алмаз Отарұлы орнынан түсуіне байланысты;
----------------------------------	--

Қызылорда облысы бойынша:

Шиелі аудандық сотының судьясы	Құрманбай Гүлнұр Құрманбайқызы соттың айыптау үкімінің заңды күшіне енуіне байланысты;
--------------------------------	--

Павлодар облысы бойынша:

Екібастұз қаласы әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотының төрағасы	Байсарин Бақтияр Болатұлы соттың таратылуына және басқа соттағы судьяның бос лауазымына орналасудан бас тартуына байланысты.
---	--

4. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты, Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесі осы Жарлықтан туындайтын шараларды қабылдасын.

5. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының
Президенті Қ.Тоқаев**